

Қазақстан Республикасын вакцинамен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНЕСЕФ арасындағы келісімді жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 қаңтардағы N 77

Алматы қаласында 1994 жылғы 30 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасын вакцинамен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНЕСЕФ арасындағы Келісімді орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1995-2000 жылдардағы кезеңде вакциналар сатып алу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің ЮНЕСЕФ-ке өткізетін жыл сайынғы жарналарының осыған қосылған кестесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасындағы ЮНЕСЕФ Өкілдігіне 1995-2000 жылдардағы кезеңде вакциналарға қажеттіліктің жыл сайынғы есебін түсіріп отырсын;

аталған Келісім бойынша берілген барлық вакциналардың

алынуын, кеденнен өтуі мен бөлінуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995-2000 жылдары бойында бюджеттердің тиісті жобаларын жасаған кезде вакциналар сатып алу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің ЮНЕСЕФ-ке жыл сайынғы өткізетін жарналардың кестесіне сәйкес вакциналардың сатып алуына қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 24 қаңтардағы
N 77 қаулысымен
Бекітілген

1995-2000 жылдардағы кезеңде вакциналар сатып алу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің ЮНЕСЕФ-ке өткізетін жыл сайынғы жарналарының

КЕСТЕСІ

Жылы	Төлену мерзімі	АҚШ-тың мың доллары сомасында	Төлемнің жалпы сомасы /АҚШ-тың мың доллары сомасында/
1995	30 тамыз	20.593	20.593
1996	30 сәуір	63.758	
	30 тамыз	63.758	127.516
1997	30 сәуір	132.852	
	30 тамыз	132.852	265.704
1998	30 сәуір	171.691	
	30 шілде	171.691	
	30 қыркүйек	171.691	515.074
1999	30 сәуір	212.879	
	30 шілде	212.879	
	30 қыркүйек	212.879	638.639
2000	30 сәуір	308.404	
	30 шілде	308.404	
	30 қыркүйек	308.404	925.214
ЖИЫНЫ: (екі миллион төрт жүз тоқсан екі мың жеті жүз қырық АҚШ доллары)			2 492.740